

«Жол картасында» олқылық көп

Биылғы жылдың наурыз айында «Нұр Отан» ХДП бастамасымен ендегі саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында 7 партия басшылары меморандумға қол қойған болатын. Оған қоса, өзара партиялық кеңес әткізіп тұруға келіскеңді.

Өткен аптада «Нұр Отан» ХДП Орталық аппаратында Партиялық кеңестің кезекті V отырысы өтті. Бұл жолы «Әділет» партиясының ұсынысымен «Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының әлеуметтік аспектілері» талқыға салынды. Нақты айтқанда, «Жол картасының» жұмысы қаралып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықова партия басшыларының алдында есеп берді.

– Біздің көтеріп отырған тақырыбымыз маңызды. Себебі «Жол картасын» жүзеге асыру кезінде партия бақылаушылары көптеген көлеңсіздіктерді, тіпті мемлекеттік органдарда өз қызметтерін тиімсіз орындаған жағдайларды анықтаған, – деді «Нұр Отан» ХДП Төрағасының бірінші орынбасары Дархан Кәлетаев. – Ал біздің мақсатымыз дағдарыс кезінде үкіметтік бағдарламалардың жүртшылықа дұрыс түсіндірілу ғана емес, тиімді мақсатта жұмыс іsteуі.

Бүгінде бағдарлама аясында 5126 жоба жасалып, 240 197 адам жұмысқа тартылған екен. Өкініштің, олардың көбі уақытша еңбек. «Біз қала, облыс әкімшіліктерімен бірлесе отырғып, халықтың үзақ мерзімді жұмысқа тұруын



қамтамасыз етуіміз керек», – деді Д.Кәлетаев.

Шетелдік мамандардың орнына қазақстандық кадрларды даярлау мәселесі де өткір тұр. Себебі жалақының аздығына байланысты бөлінген орындар әлі де игерілмей, бос қалған көрінеді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректерінше, «Жол картасы» аясында 240 мың адам

жұмысқа тұруып, кадрларды қайта даярлауға 67 мың манан жіберілген. Бүгінге дейін республика бойынша жұмыстен қамту орталықтарына 457 мың адам келіп, өтініш берген. Ал 1 қыркүйекке дейін 351 кәсіпорын өз жұмысын тоқтатын екен.

«Жоспарланған 5126 жобаның тек 2816-ның жұмысы ғана аяқталыпты. Өзгесі әлі жоқ, Неге? Соңда біз жұмыссыз қалған халықты қайда бағыттаймыз?» деді Д.Кәлетаев министр Г.Әбдіхалықовага сұрақты төтесінен қойып. Оған қоса, жұмыс орындарын көбейту үшін тендерге қатысадын кейір кәсіпорындардың алдымен, қызметкерлерін жұмыстан шығарып, байқаудан женіп шыққан соң, қайта қабылдан жатқан фактілердің кездескенін ашық айтты. Ал министр Гүлшара Әбдіхалықова ондай көлеңсіздіктерді анықтауды өз міндеттіне алып, жүртті алдаған тиісті мекемелерге жаза қолданылатынын жеткізdi.

«Әділет» партиясының басшысы Мақсұт Нәрікбаев Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының белсенділігін тым төмен екенін айтты. «Еліміздегі ТЖО-нің көлемі көбейгенімен, халықтың жағдайы жақсырап кеткен жоқ. Сондықтан құрғақ цифrlардан гөрі министрлік мамандары қарапайым халықпен жұмыс жасап үйренсін. Ең алдымен, еліміздегі адам ресурсы шынайы бағаланып, сол үшін жағдай жасалуы керек», деді.

Жайна ҚАЗЫМБЕТ